

**“Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы”
Жалағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қаңтардағы №3 қаулысына өзгеріс
енгізу туралы**

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 ақпандағы № 53 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 ақпанда № 7263 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 84 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 19.04.2021 № 84 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына және “Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 1438 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19783 болып тіркелген) сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. “Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 3 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6654 болып тіркелген, 2019 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

“Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 3-тармағының 11) тармақшасына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12590 болып тіркелген) сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ.”

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК